

## **Кентау қалалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару және бөлу нормативі туралы**

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 5 желтоқсандағы № 634 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 желтоқсанда № 5285 болып тіркелді

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 140 бабының 2 тармағына сәйкес, қала әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Кентау қалалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару және бөлу нормативі осы қаулыға қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Кентау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Кентау қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Алимбетовке жүктелсін.

*Әкім*

*Д. Махамжанов*

Кентау қаласы әкімдігінің  
2019 жылғы 5 желтоқсандағы  
№ 634 қаулысына қосымша

## **Кентау қалалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару және бөлу нормативтері**

1. Қалалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындар үшін – таза кірістің 45 пайызы мөлшерінде.

2. Мемлекеттік кәсіпорындардың иелігінде қалған таза кірістің бір бөлігі кәсіпорынның дамуына жұмсалады.